



«Астана медицина университеті» КеАҚ  
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

Волонтерлік қозғалыс туралы ереже

ПЛ-МУА-09-24  
№ 1 басылым  
13 беттің 1-беті



## ВОЛОНТЕРЛІК ҚОЗҒАЛЫС ТУРАЛЫ

---

### ЕРЕЖЕ

ПЛ-МУА-09-24

Астана қ.



### КІРІСПЕ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** – Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі орталық
- 2. ӘЗІРЛЕУШІ:** – Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі орталықтың басшысы, З.Н.Шаймерденова
- 3. ЕНГІЗІЛГЕН:** – Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі орталық
- 4. БЕКІТІЛДІ:** – 2024 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама
- 5. ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** – 2024 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_
- 6. КЕЛІСІЛДІ:** – Проректор, Басқарма мүшесі, В.В.Койков  
Проректор, Басқарма мүшесі, А.Б.Жунусова  
Проректор, Басқарма мүшесі, М.А.Газалиева  
Проректор, Басқарма мүшесі, Д.Д.Сайдангазин  
Қаржы директоры, Басқарма мүшесі,  
Б.И.Мараджапов  
Атқарушы директор, Басқарма мүшесі,  
Н.Н.Маханбаева  
Басқарушы директор, А.С.Тиес  
Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы,  
А.К.Мухамбетова  
Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы, К.К. Асылаева  
Жоспарлау және экономикалық талдау басқармасының басшысы, Г.А.Мамажанов  
Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі орталықтың басшысы, З.Н. Шаймерденова  
Студенттік ректор, А.Буркутов
- 7. ҚАЙТА ҚАРАУ ЖИІЛІГІ:** – қажеттілігіне қарай



## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
2. Мақсаты мен міндеттері	4
3. Волонтерлік қызметтің принциптері	5
4. Волонтерлік қызмет түрлері	6
5. Волонтерлерді тіркеу тәртібі	6
6. Волонтерлердің құқықтары мен міндеттері	7
7. Волонтерлік қызмет үшін жауапкершілік және бақылау	8
8. Волонтерлерді ынталандыру	8
9. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату	9
№1-қосымша	10
Келісу парағы	11
Өзгерістерді тіркеу парағы	12
Таныстыру парағы	13



## 1. Жалпы ережелер

1. «Астана медицина университеті» КеАҚ-тың волонтерлік қозғалысы (бұдан әрі- Волонтерлік қозғалыс) әлеуметтік белсенді білім алушылардың ұйымдастырушылық, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту және іске асыру үшін жағдай жасау мақсатында құрылады.

2. Волонтерлік қозғалыстың миссиясы – жастар ортасын физикалық және адамгершілік тұрғыдан жақсартуға үлес қосу.

3. Волонтерлік қозғалысқа қатысушылар волонтерлік қозғалыс идеяларын жүзеге асыруға келіседі және қозғалыс іс-шараларына өз еркімен қатысады.

4. Волонтерлік қозғалыс заңды ұйым болып табылмайды және пайда табумен байланысты емес.

5. Осы ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) волонтер – волонтерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға;

2) волонтерлік акция – волонтерлік ұйым және (немесе) волонтерлер және (немесе) волонтерлер тобы жүзеге асыратын нақты әлеуметтік-бағдарланған, қоғамдық пайдалы міндетті шешуге бағытталған іс-шара;

3) волонтерлік бағдарлама (жоба) – волонтерлік ұйым және (немесе) волонтерлер және (немесе) волонтерлер тобы жүзеге асыратын іс-шаралар мен күтілетін нәтижелерді көрсете отырып, әлеуметтік-бағдарланған, қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге бағытталған іс-шаралардың жүйелі кешені;

4) волонтерлік қызмет – ерікті түрде әлеуметтік бағытталған, өз еркімен орындалатын, өтеусіз негізде жүзеге асырылатын қоғамдық пайдалы қызмет;

5) волонтерлік ұйым – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және волонтерлік қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

6) волонтерлер тобы – Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген нормалар қолданылатын волонтерлік қызметті бірлесіп жүзеге асыру мақсатында құрылған жеке тұлғалардың ерікті тіркелмеген қоғамдастығы;

7) волонтерлік қызмет саласындағы уәкілетті орган – волонтерлік қызмет саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

## 2. Мақсаты мен міндеттері

6. Волонтерлік қозғалыстың мақсаты:

1) білім алушылардың бойында белсенді әлеуметтік-азаматтық ұстанымды, өзін-өзі ұйымдастыруды қалыптастыру, парасаттылық, адалдық, мейірімділік, жанашырлық, қоғамға, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға, науқас адамдарға, жалғызбасты адамдарға және мүгедектерге тегін қызмет етуге дайын болу сияқты жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту;

7. Волонтерлік қозғалыстың міндеттері:

1) білім алушылар арасында волонтерлік идеяларды насихаттау;

2) әртүрлі бағыттағы волонтерлердің жұмысын ұйымдастыру;

3) волонтерлік қозғалысты тарату үшін оңтайлы жағдай жасау және Университет білім алушыларының қалалық және республикалық әлеуметтік маңызы бар акциялар мен жобаларға қатысуын белсендіру;

4) әлеуметтік мәселелерді шешуде қоғамға көмектесу;

5) білім алушыларды қайырымдылық көмек көрсету шараларына тарту;

6) қоғам игілігі үшін ерікті еңбек идеяларын насихаттау арқылы жоғары адамгершілік қасиеттерді дамыту;

7) Университет пен қаланы көркейтуге көмек көрсету;

8) саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған жарнамалық-ақпараттық қызметті жүзеге асыру;

9) білім алушылар арасында жұмыс істеуге көшбасшыларды дайындау;

10) білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру;



- 11) білім алушыларды патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- 12) волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) және волонтерлік акцияларды орындаушы волонтерлер тобын құру;
- 13) волонтерлік қызметті оқытуды ұйымдастыру.

### 3. Волонтерлік қызметтің принциптері

#### 8. Волонтерлік қызметтің принциптері:

- 1) волонтерлік қызметтің өтеусіздігі, еріктілігі, тең құқылығы және заңдылығы;
- 2) қолданыстағы Заңнамада белгіленген волонтерлік қызметтің максаттарын, нысандарын, түрлері мен әдістерін анықтаудағы, бағытын таңдаудағы еркіндік;
- 3) волонтерлік қызмет туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі;
- 4) волонтерлік қызметке қатысатын адамдардың ынтымақтастығы, адалдығы;
- 5) өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі;
- 6) осы саладағы тең құқылы және өзара тиімді халықаралық ынтымақтастық.

#### 9. Волонтерлік қызметтің негізгі түрлері:

- 1) әлеуметтік көмек көрсетуге, халықтың әлеуметтік осал топтарына, арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларға көмек көрсетуге қатысу;
- 2) қарттарға, мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету, мүгедектер үшін қоршаған ортаның қолжетімділігін ұйымдастыру, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік бейімдеу, интеграциялау және тәрбиелеу бойынша жұмыстарға жәрдемдесу;
- 3) дүлей зілзалалардан, экологиялық, техногендік және өзге де апаттардан, әлеуметтік қақтығыстардан, жазатайым оқиғалардан зардап шеккен адамдарға, құқық бұзушылық құрбандарына, босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушыларға, сондай-ақ көмек пен қолдауға мұқтаж адамдардың басқа да санаттары мен топтарына көмек көрсетуге қатысу;
- 4) орталық және жергілікті атқарушы органдарға төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жоюда көмек көрсету;
- 5) хабар-ошарсыз кеткен адамдарды, Ұлы Отан соғысына және жергілікті соғыстарға қатысушылардың сүйегін іздеуге қатысу;
- 6) қоршаған ортаны қорғауға және аумақтарды абаттандыруға қатысу;
- 7) тарихи-мәдени мұраны сақтау, тарихи-мәдени ортаны қалпына келтіру және сақтау үшін мүмкіндіктер жасауға қатысу;
- 8) білім беруді, ғылымды, мәдениетті дамытуға, білімді насихаттауға, инновацияларды дамытуға қатысу;
- 9) дене шынықтыруды, спортты және белсенді бос уақытты дамыту мен насихаттауға, облыстық, облысаралық, республикалық қоғамдық және халықаралық дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
- 10) саламатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыстарды жүргізу, әлеуметтік маңызы бар аурулардың таралуына қарсы профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;
- 11) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, волонтерлік лагерлердің қызметін, археологиялық қазба жұмыстарына қатысуды, тарихи ғимараттардың қасбеттерін қалпына келтіру, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерлерінің жұмысына, конгресс және көрме қызметін қоса алғанда, аймақтық, аймақаралық, республикалық және халықаралық мәдени, бұқаралық және басқа да ойын-сауық және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
- 12) халықтар арасындағы, бейбітшілікті, достық пен келісімді нығайтуға, әлеуметтік, ұлтаралық, конфессияаралық, этносаралық, діни қақтығыстардың алдын алуға қатысу;
- 13) волонтерлік қызметтің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де түрлері.



#### 4. Волонтерлік қызметтің түрлері

- 1) экологиялық волонтерлік, білім алушыларды экологиялық акцияларға қатысуға оларды табиғатты қорғау қызметіне тарту;
- 2) білім алушыларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;
- 3) Университетте қалалық, республикалық және халықаралық іс-шараларды (форумдар, фестивальдар, спартакиадалар) ұйымдастыруға жәрдемдесу;
- 4) туризмді дамыту мақсатында экскурсиялық қызметті (музейлерге, кітапханаларға және қаланың басқа да көрікті жерлеріне бару) ұйымдастыру кезінде туристік қызметпен айналысатын тұлғалардың жұмысына жәрдемдесу;
- 5) волонтерлармен республикалық және қалалық іс-шараларды өткізу кезінде жергілікті жастар ресурстық орталықтарының жұмысына қатысу:
  - 6) инклюзивті білім беру;
  - 7) мінез-құлқы девиантты кәмелетке толмаған балалармен жұмыс істеу;
  - 8) аулалық және спорт клубтарын ұйымдастыру;
  - 9) балалармен, қарттармен және мүгедектермен әлеуметтік жұмыс;
- 10) қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік, тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау саласындағы жұмыс;
- 11) пациенттерге, қарттарға және мүгедектерге қызмет көрсететін мемлекеттік және жеке денсаулық сақтау ұйымдарының, басқа да әлеуметтік бағыттағы ұйымдардың жұмысына қатысу;
- 12) қоғамдық қорлармен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттесу;
- 13) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде қызметті белсенді түрде көрсету.

#### 5. Волонтерлерді тіркеу тәртібі

12. іс-шараларға қатысу және жобаларды жүзеге асыру үшін волонтер ретінде тіркелу. Әлеуметтік тәрбие жұмысы жөніндегі орталықта 1-қосымшада көрсетілген нысан бойынша жүзеге асырылады.
13. волонтерге жеке сәйкестендіру нөмірі беріледі және оған тиісті волонтерлік кітапша беріледі.
14. волонтерлік қызметті он сегіз жасқа толған жеке адамдар жүзеге асыра алады. Волонтерлік қызметті он сегіз жасқа толмаған жеке адамдар, егер бұл олардың денсаулығы мен адамгершілік дамуына зиян келтірмесе және оқу процесін бұзбаған жағдайда жүзеге асырады.
15. Он сегіз жасқа толмаған волонтерлерді келесі жұмыстарға тартуға болмайды:
  - 1) табиғи зілзалалардың, экологиялық, техногендік және басқа да апаттардың, әлеуметтік қақтығыстардың, жазатайым оқиғалардың салдарынан зардап шеккен адамдарға; құқық бұзушылық құрбандарына, босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек көрсетуге қатысу; сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдарға төтенше жағдайлардың алдын алуға және олардың зардаптарын жоюға жәрдемдесуге;
  - 2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарының негізінде қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда, сотталған немесе бұрын сотталған, қылмыстық қудалаудағы немесе қылмыстық қудалауға ұшыраған адамдарға көмек көрсетуге;
  - 3) ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға.

#### 6. Волонтерлердің құқықтары мен міндеттері

16. Волонтердің:
  - 1) оның қажеттіліктері мен ұмтылыстарына сәйкес келетін волонтерлік қызмет түрін таңдауға;



3) волонтерлік қызметтің мақсаттары, міндеттері және мазмұны туралы, волонтерлік қызметті ұйымдастырушы туралы, волонтерлік ұйым, оның басшылығы, жұмыс принциптері мен ұйымдық құрылымы туралы сенімді ақпарат алуға;

4) волонтерлік қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырылатын, бастамашылық ететін немесе ұсынылатын волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) іске асыру және волонтерлік акциялар мен басқа да іс-шараларды өткізуге;

5) ауыр жұмыстармен, зиянды және (немесе) қауіпті жағдайлармен байланысты жұмыстарды орындау кезінде арнайы киім алу және жол жүруге, тұруға, тамақтануға, қажетті жеке қорғаныс құралдарын, құралдарды сатып алуға арналған және басқа да шығындарды өтеуге, егер бұл волонтермен жазбаша түрде жасалған азаматтық-құқықтық шартта қарастырылған болса;

6) волонтерлік іс-шараларды ұйымдастырушыдан және волонтерлік ұйымдардан ұсыныс хаттар алуға;

7) өзі жүзеге асырған волонтерлік қызмет туралы, оны жүзеге асыру орны мен сағат саны, көтермелеу, алған қосымша даярлық, қолдау және көтермелеу шараларын алу құқығы туралы мәліметтерді, өзге де мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізген жағдайда ақпараттық ресурстарға енгізуге;

8) білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт ұйымдарына және табиғатты қорғау және орман шаруашылығы мекемелерінің аумағына осы ұйымдардың басшылығының келісімі бойынша волонтерлік қызметті жүзеге асыру үшін кіруге;

9) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге қатысуға;

10) білім беру гранттарын тағайындау конкурсы кезінде көрсеткен патриотизмі және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісі болған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен балдары тең болған жағдайда жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау кезінде артықшылық алуға **құқығы бар**;

17. Волонтер:

1) волонтерлердің үйлестірушісінен алынған тапсырмаларды адал орындауға және жұмысты орындағаннан кейін олардың орындалғаны туралы волонтерлік үйлестірушіге хабарлауға;

2) азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға, волонтерлік қызметті ұйымдастырушының өз құзыретіне сәйкес берілген бұйрықтарын орындауға;

3) волонтерлік қызметті қауіпсіз орындау қағидаттарын сақтауға, өз қызметімен үшінші тұлғаларға немесе қоршаған ортаға зиян келтірмеуге;

4) волонтерлік қызмет процесінде волонтер қол жеткізе алатын ақпараттың құпиялығын сақтауға;

5) волонтерлер үйлестірушісінің келісімінсіз волонтерлік қызметті жүзеге асыру бойынша өз міндеттерін орындауды басқа тұлғаларға бермеуге;

6) волонтерлік қызметті жүзеге асыру процесінде оған берілген материалдық ресурстар мен құрал-жабдықтарды ұқыпты қарауға және оларды жұмыс аяқталғаннан кейін қайтаруға;

7) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды адамдарының өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтірмеуге **міндетті**.

8) Волонтер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, сондай-ақ азаматтық-құқықтық шартта көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыра алады.

## **7. Волонтерлік қызмет үшін жауапкершілік және бақылау**

18. Волонтерлік топтарды ұйымдастыру және олардың қызметі үшін, басқа ұйымдармен және мекемелермен өзара іс-қимыл жасағаны үшін, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес қызметтің орындалу сапасын бақылау үшін жауапкершілік «Астана медицина университеті» КеАҚ-тың Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі орталықтың волонтерлер үйлестірушісіне жүктеледі.



19. Волонтерлердің үйлестірушісін волонтерлік қызметті ұйымдастырушы немесе волонтерлік бағдарламаны (жобаны) немесе волонтерлік акцияны іске асыруға жауапты волонтерлік ұйым тағайындайды немесе олардың арасынан волонтерлер тобының құрамына кіретін волонтерлер сайлайды.

20. Волонтерлердің үйлестірушісі волонтерлерге нұсқау береді, олардың арасында жұмысты бөледі, әрбір волонтердің жұмыс орны мен көлемін анықтайды, олардың жұмысының орындалуын бақылайды.

21. Волонтерлердің үйлестірушісі мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, өзге де волонтерлік қызметті ұйымдастырушылармен және басқа да волонтерлік ұйымдармен, сондай-ақ волонтерлер топтарымен өзара әрекет жасайды.

22. Волонтерлердің үйлестірушісі волонтерлерді жұмысты орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ жазатайым оқиғалардан зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге үйретуді қамтамасыз етеді.

23. Волонтерлік ұйым волонтерлерді оқыту үшін білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдарды тартуға, арнайы семинарлар, тыңдаулар, жұмыс бойынша кездесулер, волонтерлер слетін өткізуге құқылы.

### **8. Волонтерлік қызметті қолдау және қаржылық қамтамасыз ету**

24. «Астана медицина университеті» КеАҚ волонтерлерді көтермелейді, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және/немесе өзге де ұйымдарға ерекше көзге түскен волонтерлерді көтермелеу және (немесе) марапаттау үшін кандидатураларды ұсынады.

Волонтерлерді көтермелеу және марапаттау рәсімі жыл сайын желтоқсан айында Университетте өткізілетін «АсМУ жыл волонтеры» салтанатты шарасында өткізіледі.

25. Волонтерлік қызметті қолдау шаралары келесі нысандарда қайырымдылық көмек түрінде жүзеге асырылуы мүмкін:

1) материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

2) мүлдіктік қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қолдау көрсетудің өзге де түрлері.

26. Адал еңбегімен ерекше көзге түскен волонтерлерді көтермелеу және марапаттау түрлері:

1) білім беру гранттарын тағайындау конкурсы кезінде, сондай-ақ жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылар қатарына қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен балдар тең болған жағдайда артықшылық алу;

2) волонтердың ата-анасына Астана қаласы әкімінің немесе «Астана медицина университеті» КеАҚ Ректоры атынан алғыс хат тапсыру;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің, Астана қаласы әкімінің, «Астана медицина университеті» КеАҚ Ректоры атынан грамота тапсыру;

4) Қазақстан Республикасының және басқа да елдердің медициналық жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлық бойынша оқуға жіберу;

5) бағалы сыйлықтар мен кәдесыйлар тапсыру;

6) Астана қаласындағы волонтерлер қозғалысының және «Астана медицина университеті» КеАҚ-тың құрмет тақтасында фотосуреттерін орналастыру;

7) Студенттер жатақханасы туралы ережеге сәйкес «Астана медицина университеті» КеАҚ жатақханаларынан орын алу құқығы.

### **9. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату**

27. Осы ережені қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату Университеттің



«Құжаттаманы басқару» стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Осы Ереженің түпнұсқасы Университеттің Стратегиялық дамыту және жобаларды басқару орталығында тіркеледі және сақталады.

29. Осы Ереженің сканерленген нұсқасы Университеттің ресми сайтында орналастырылады және Университеттің мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.



№ 1-қосымша

«Астана медицина университеті» КеАҚ  
Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі  
орталықтың басшысы  
З.Н. Шаймерденова

Тел. \_\_\_\_\_

**ВОЛОНТЕРЛІККЕ ӨТІНІШ**

Тегі \_\_\_\_\_ Аты \_\_\_\_\_ Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Жеке куәлігі: № \_\_\_\_\_ берілген уақыты \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Мені «Астана медицина университеті» КеАҚ волонтерлері қатарына қабылдауыңызды сұраймын.

Волонтерлер жұмысының қызмет түрлерімен таныстым.

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_



### Келісу парағы

№	Лауазымы	Тегі, аты-жөні	Келісу парағына қол қойылған күн	Қолы
1.	Проректор, Басқарма мүшесі	А.Б. Жунусова		
2.	Проректор, Басқарма мүшесі	М.А. Газалиева		
3.	Проректор, Басқарма мүшесі	В.В. Койков		
4.	Проректор, Басқарма мүшесі	Д.Д. Сайдангазин		
5.	Қаржы директоры, Басқарма мүшесі	Б.И. Мараджапов		
6.	Атқарушы директор, Басқарма мүшесі	Н.Н. Маханбаева		
7.	Басқарушы директор	А.С. Тиес		
8.	Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	А.К. Мухамбегова		
9.	Жоспарлау және экономикалық талдау басқармасының басшысы	Г.А. Мамажанов		
10.	Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі орталықтың басшысы	З.Н. Шаймерденова		
11.	Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы	К.К. Асылаева		
12.	Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығының басшысы	А.К. Досанова		
13.	Студенттік ректор	А. Буркутов		



